



Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі орман пайдаланудың төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 16/161-III шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 20 шілдеде N 1915 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 9/76-V Шешімімен

Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2012.12.07 № 9 /76-V Шешімімен.

Қазақстан Республикасы Орман Кодексінің 14 бабына, "Салық және басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің" (Салық кодексі) 473 бабына сәйкес және Оңтүстік Қазақстан облысы әкімиятының дайындаған есептердің негізінде Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану үшін төлемақы ставкалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаттың 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 15/166-II "Облыстық мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі жанама орман пайдаланудың төлемақы ставкаларын бекіту туралы" (Оңтүстік Қазақстан облысы әділет басқармасында 2002 жылғы 25 қаңтарда 483-нөмірмен тіркелген) шешімінің күші жойылды деп есептелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы

Облыстық мәслихат хатшысы

Оңтүстік	Қазақстан	облыстық	
мәслихаттың	2005	жылғы	23
маусымдағы	N	16/161-III	шешіміне
1 қосымша			

Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану

ТӨЛЕМАҚЫСЫНЫҢ СТАВКАЛАРЫ

Ж а н а м а о р м а н п а й д а л а н у :

дәрілік өсімдіктер мен техникалық шикізатты, жабайы жемістерді, жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды, жидектерді және басқа да орманның тағамдық өнімдерін дайындау мен жинау

N	өсімдіктердің аттары (күрғақ күйінде)	өлшем бірлігі	Шикізаттың түрі	Төлемақы мөлшері (теңге)
1.	өрік, алша, шие	кг.	Жемістері	2-00
2.	Итсигек	кг.	Жоғары өркендер	01-00
3.	Долана	кг.	Жемістері	2-00
4.	Бөріқарақат	кг.	Жемістері	6-00
5.	Ақмия	кг.	Шөп	1-00
6.	Сарылапыз	кг.	Тамыр жуашығы	5-00
7.	кұм салаубасы	кг.	Гүлшоғы	24-00
8.	Шүйіншөп	кг.	Шөп	5-00
9.	Жантақ	кг.	Шөп	5-00
10.	казтамақ	кг.	Шөп	2-00
11.	Адыраспан	кг.	Шөп	3-00
12.	Жерқонақ	кг.	Шөп	5-00
13.	Саңырауқұлақтар	кг.	Жеміс сабағы	20-00
14.	Биік андыз	кг.	Тамыр, тамырсабақ	6-00
15.	Киікшөп	кг.	Шөп	5-00
16.	Тегеурінгүл	кг.	Жапырақтар	3-00
17.	каражеміс	кг.	Жемістері	3-00
18.	Шайқурай	кг.	Жоғарғы өркен	5-00
19.	қос үйлі қалақай	кг.	Жапырақтар	4-00
20.	Шашақты бозтікен	кг.	Тамыр, тамырсабақ	10-00
21.	өгей шөп	кг.	Жапырақтар	6-00
22.	Таңқұрай, қарабүлдірген	кг.	Жемістері	1-00
23.	Жалбыз	кг.	Жапырақтар	5-00
24.	Кәдімгі арша	кг.	Жемістері	3-00
25.	Шырғанақ	кг.	Жапырақтар	2-00
26.	Дәрілік бақбақ	кг.	Тамырлар	6-00
27.	Түймешетен	кг.	Гүлшоғы	8-00
28.	Шұғылық	кг.	Шөп, тамырлары	6-0
29.	үлкен бақа жапырақ	кг.	Жапырақтар	4-00
30.	Ащы жусан, дермене	кг.	Шөп	3-00
31.	Сасық шөп	кг.	Шөп, тамырлары	4-00
32.	Сүйекті аққурай	кг.	Жемістері	2-00
33.	Алтын тамыр	кг.	Тамыр, тамырсабақ	9-00
34.	Дәрілік түймедағы	кг.	Гүлшоғы	14-00
35.	кызыл мия	кг.	Тамыр, тамырсабақ	6-00

36.	қара қарақат	кг.	Жемістері	3-00
37.	Мыңжапырақ	кг.	Шөп, гүлшоғы	6-00
38.	Зере	кг.	Жемістері	2-00
39.	Дала қырықбуыны	кг.	Шөп	4-00
40.	Жатаған жебір	кг.	Шөп	4-00
41.	Итшоған	кг.	Шөп, жапырағы	7-00
42.	Итмұрын	кг.	Жемістері	6-00
43.	Тұт ағашы	кг.	Жемістері	1-00
44.	Атқұлақ	кг.	Жапырағы	3-00
45.	Пісте	кг.	Жемістері	48-00
46.	Шашыратқы	кг.	Тамырлар	6-00
47.	Цистанке	кг.	Тамыр, тамырсабақ	10-00
48.	Теміртікен	кг.	Шөп	6-00
49.	Сиверс алмасы	кг.	Жемістері	1-00
50.	Тау қылша	кг.	Жоғары өркендер	2-00

Ара ұялары мен омартаны орналастыру

Орман қоры учаскелерінің санаты	өлшем бірлігі	Бір бірліктің құны (теңге)
Таулы жерлер	1 бал ара ұясынан	40-00
Тоғайлы ормандар	1 бал ара ұясынан	30-00

Шөп шабу мен мал жаю

Орман қоры учаскелерінің санаты	өлшем бірлігі	Бір бірліктің құны (теңге)
Шөп шабу		
өнімділігі 5 цн/га дейін	га.	60-00
өнімділігі 5,1- ден 8 цн/га дейін	га.	80-00
өнімділігі 8,1 цн/га және одан жоғары	га.	110-00
Мал жаю		
Таулы аймақта	га.	60-00
Тоғайлы ормандарда	га.	50-00
Шөлді аймақта	га.	20-00
Сирек орманды, аланқай және өзге де ормансыз жерлер	га.	50-00

Шабындық учаскелерінің өнімдерді тұтыну пункттерінен қашықтығына байланысты белгіленген төлемақыға төмендегі коэффициенттер қолданылады:

	1 0	км .	д е й і н	-	1 , 5
1 0 , 1	км .	-	2 5	км .	д е й і н - 1 , 2
2 5 , 1	км .	-	4 0	км .	д е й і н - 1 , 0
4 0 , 1	км .	-	6 0	км .	д е й і н - 0 , 8
6 0 , 1	км .	-	8 0	км .	д е й і н - 0 , 6

80 км. көп - 0,3

Оңтүстік Қазақстан облыстық
м ә с л и х а т ы н ы ң

2 қосымша

Ескерту: Шешім 2-қосымшамен толықтырылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 27.03.2008 ж. N 5/72-IV шешімімен.

**Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік орман қоры
учаскелерінде орман пайдаланудың кейбір түрлерінің
төлемақысының ставкалары**

P/c	Орман пайдаланудың түрлері	Өлшем бірлігі	Айлық есеп айырысу көрсеткіштеріндегі төлем ставкалары
1.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығының қажетіне пайдалану	Га	0,05
2.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттарына пайдалану	адам-күн	0,05
3.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру мақсатында пайдалану	адам-күн	0,1
4.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерін рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттарда пайдалану	адам-күн	0,2
5.	Көк өніс, бақша шаруашылығы және өзге де ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру: шөлейіт және дала аймағында: таулы аймақта:	га га	8 6
6.	Қамыс дайындау мен жинау	текше метр	0,1